

**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің
№ 7 кезектен тыс Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімдері**

Шымкент қаласы

10.01.2022 ж.

1. Қазақстан Республикасында 2022 жылдың 5-19 қаңтары аралығында төтенше жағдай енгізілуіне байланысты емтихандардың өткізілу мерзімдері мен ұйымдастыру формаларын анықтау туралы

Шешім:

1. Қазақстан Республикасында 2022 жылдың 5-19 қаңтары аралығында төтенше жағдай енгізіліп, Шымкент қаласында коменданттық сағат орнатылуына байланысты:

1) Ағымдағы жылдың 5-6 қаңтар күндері емтихандарға келе алмаған білім алушылар үшін емтихандар 12-14 қаңтар күндері аралығына ауыстырылсын;

2) 10 қаңтар күніне жоспарланған емтихандар 12 қаңтарға ауыстырылсын;

3) «ҒХ» бағасын алған білім алушылар үшін тестілеу емтихандарын қайта тапсыру – 13-14 қаңтар аралығына, ал ауызша/жазбаша қайта тапсыру – емтихандары 12-14 қаңтар аралығына қойылсын.

Барлық емтихандар онлайн форматында ZOOM платформасы арқылы ұйымдастырылсын.

4) «БІЛІМ» дайындық орталығының тыңдаушыларына ағымдағы жылдың академиялық күнтізбесіне сәйкес 10-21 қаңтар аралығында жоспарланған емтихандар 24.01-04.02.22 ж. аралығына ауыстырылып, тыңдаушылар қысқы демалысқа жіберілсін.

Ескерту: Интернет желісінің мүлдем болмай қалуына байланысты емтиханға кіре алмаған студент өзінің қалауы бойынша факультет деканына емтихан балын аралық және межелік бақылаулардың қосынды орта балы бойынша қоюға өтініш жазып, рұқсат сұрауына болады. Білім алушының өтінішін факультеттің жанынан құрылған сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия қарап, шешім шығарады.

Ғалым хатшы

Байғұтова А.М.

